

Кіріспе

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз!
Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін, өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Маңызды

Құрылғыны қолданбастан бұрын осы маңызды ақпаратты мұқият оқып шығып, оны келешекте қарау үшін сақтап қойыңыз.

Ескерту

- Коннекторға сұйықтық төгілуін болдырмаңыз
- Жарақаттан аман болу үшін, бұл шайнекті өзінің арнаулы мақсатынан тыс қолданбаңыз
- Штепсельдік ұшы, қуат сымы, табаны немесе шайнектің өзі зақымданған болса, құрылғыны қолданбаңыз. Қуат сымы зақымданған болса, қауіпті жағдай орын алмауы үшін, оны тек Philips компаниясында, Philips мақұлдаған қызмет орталығында немесе білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Бақылау астында болса немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар алған болса және байланысты қауіптерді түсінсе, бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар және дене, сезу немесе ақыл-ой қабілеттері кем немесе тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар пайдалана алады. 8 жасқа толмаған балалар ересектің қадағалауынсыз тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбеуі тиіс. Құрылғы мен оның сымын 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Балалар құралмен ойнамауы керек.
- Шайнекті, қуат сымын және табанды ыстық беттерден аулақ ұстаңыз.
- Құралды қоршалған бетке (мысалы, ыдыс науасына) қоймаңыз. Су шайнектің астына жиналып, қауіпті жағдай туғызуы мүмкін.
- Құралды тазалар алдында, оны тоқтан суырып, суытыңыз. Шайнекті немесе оның негізін суға немесе басқа сұйықтыққа батыруға болмайды. Құралды тек дымқыл шүберекпен және жұмсақ тазартқыш затпен тазалаңыз.

Абайлаңыз

- Құралды тек жерге тұйықталған қабырға розеткасына ғана қосуға болады.
- Шайнекті тек өзінің түпнұсқа табанымен қолданыңыз.
- Шайнек тек суды ысытуға және қайнатуға арналған.
- Шайнекті ешқашан ең жоғары деңгей көрсеткішінен асырып толтырмаңыз. Шайнек шамадан артық толтырылса, шүмектен қайнаған су атқылап, күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Сақ болыңыз: шайнектің сырт жағы мен оның ішіндегі су ыстық болады. Шайнекті тек тұтқасынан ғана ұстаңыз. Сондай-ақ, шайнектен шығатын ыстық будан сақ болыңыз.
- Бұл құрал үй тұрмысында немесе соған ұқсас басқа да орындарда қолдануға арналған: фермалардағы үйлер; жатын орын мен таңғы ас беретін орындар; дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орталарындағы ас үйлер; қонақ үйлер, мотельдер және басқа да тұрғын орындары (тұтынушылар тарапынан).

Сусыз қайнатудан қорғау функциясы

Бұл шайнек қайнап суалудан қорғау жүйесімен жабдықталған: ол ішінде су жоқ немесе жеткіліксіз күйде кездейсоқ қоссаңыз, автоматты түрде өшеді. Шайнекті 10 минут бойы суытыңыз, содан кейін шайнекті түптен көтеріңіз. Содан кейін, шайнек пайдалануға қайта дайын болады.

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)

Осы Philips құрылғысы электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық талаптарға сәйкес келеді.

Суды алдын ала орнатылған түймелермен ысыту

Әртүрлі ыстық сусындарға дәмін келтіру үшін әртүрлі температура қажет. Табанындағы алдын ала орнату түймелері арқылы сүйікті ыстық сусыныңыз үшін дұрыс температураны таңдай аласыз.

Таңдалған ыстық сусынның дұрыс температураға жетуін қамтамасыз ету үшін, шайнекті әрқашан кем дегенде 0,25 л сумен толтырыңыз. Шынайы температураның көрсетілген температурадан аздап өзгеше болуы мүмкін.

- Әртүрлі ыстық сусындар үшін 4 түйме бар:
- 1 Қара/жеміс/шөп шайы түймесі (100°C)
- 2 Тез дайындалатын сорпа/ыстық шоколад түймесі (95°C)
- 3 Тез еритін кофе түймесі (90°C)
- 4 Көк шай түймесі (80°C)

- Шайнек суды алдын ала орнатылған температураға дейін қайнатқанда, таңдалған түйменің айналасындағы жарық шеңбері су алдын ала орнатылған температураға жеткенше жанып-өшіп тұрады.
- Су алдын ала орнатылған температураға жеткен кезде сигналды естисіз. Таңдалған түйме айналасындағы жарық шеңбері жыпылықтауын тоқтатып, тұрақты жанып тұрады. 2 минуттан кейін сигнал қайтадан естіледі.

Ескертпе: Шайнек қосулы кезде басқа түймені басу арқылы басқа ыстық сусын түрін таңдай аласыз. Бұл судың температурасы жаңадан басылған түйменің температурасынан әлі төмен кезде ғана орындалады.

Ескертпе: құрылғының жұмысын таңдалған түймені қайтадан басу немесе шайнекті түптен алу арқылы тоқтатуға болады.

Суды алдын ала орнатылған температурада жылы сақтау

Суды 30 минут бойы алдын ала орнатылған температурада жылы сақтау үшін жылылықты сақтау функциясын пайдалануға болады. Ыстықты сақтау функциясын іске қосу үшін, қажетті алдын ала орнату түймесін басқан соң, KEEP WARM (ЫСТЫҚТЫ САҚТАУ) түймесін басыңыз. KEEP WARM (ЫСТЫҚТЫ САҚТАУ) түймесінің айналасындағы жарық шеңбері тұрақты жанып тұрады. Су алдын ала орнатылған температураға жеткен кезде KEEP WARM (ЫСТЫҚТЫ САҚТАУ) түймесінің айналасындағы жарық шеңбері 30 секунд бойы баяу жыпылықтап тұрады. Ыстықты сақтау функциясын тоқтатқыңыз келсе, KEEP WARM (ЫСТЫҚТЫ САҚТАУ) түймесін басыңыз немесе шайнекті түптен алып тастаңыз.

Ескертпе: Ыстықты сақтау функциясы суды 30 минут бойы жылы ұстап тұрады. Одан кейін сіз сигналды естисіз және шайнек автоматты түрде өшегі.

Ескертпе: Егер ыстықты сақтау функциясы істеп тұрғанда басқа бір түймені бассаныз, ыстықты сақтау функциясын да қайтадан іске қосуыңыз қажет.

Тазалау

- Тазалар алдында, табанды міндетті түрде розеткадан ажыратыңыз.
- Шайнекті немесе оның табанын ешқашан суға батырмаңыз.

Шайнекті және оның табанын тазалау

Шайнектің сырты мен түпті дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

Ескерту: дымқыл шүберекті ток сымына, штепсельдік ұшқа және түптің қосқышына тигізбеңіз.

Шайнекті қақтан тазалау

Аймағыңыздағы судың қаттылығына байланысты шайнек ішінде белгілі бір уақыттан соң қақ түзілуі мүмкін. Қақ шайнек жұмысына әсер етуі мүмкін. Осы пайдаланушы нұсқаулығында нұсқауларды орындау арқылы шайнекті мезгіл сайын қақтан тазалап тұрыңыз.

Келесі қақтан тазалау жиілігін ұсынамыз:

- суы жұмсақ (ең жоғарғы деңгейі — 18 dH) аймақтарда — үш ай сайын;
- суы қатты (18 dH деңгейінен жоғары) аймақтарда — айына бір рет. 6-қадамда сірке суын (4 % сірке су қышқылы) пайдаланыңыз. Сірке суын толығымен жою үшін шайнекті шайып, екі рет қайнатыңыз (10-12-ші қадамдар).

Қосалқы құралдарға тапсырыс беру

Қосалқы құралдарын немесе қосымша бөлшектерін сатып алу үшін www.shop.philips.com/service торабына кіріңіз немесе Philips сатушысына барыңыз. Сонымен қатар, еліңіздегі Philips тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз (байланыс мәліметтерін алу үшін дүниежүзілік кепілдік парақшасын қараңыз).

Қоршаған орта

- Құралды өз қызметін көрсетіп тозғаннан кейін, күнделікті үй қоқысымен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұл құралды арнайы жинап алатын жерге қайта өңдеу мақсатына өткізіңіз. Осылайша, қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз (9-сур. 1-сурет).

Кепілдік және қолдау

Егер сізге ақпарат немесе қолдау қажет болса, www.philips.com/support сайтына кіріңіз немесе бөлек дүниежүзілік кепілдік парақшасын оқыңыз.

Ақаулықтарды шешу

Бұл тарауда құрылғыда ең көп кездесуі мүмкін ақаулықтар жинақталған. Егер төмендегі ақпараттың көмегімен мәселені шеше алмасаңыз, www.philips.com/support торабына кіріп, жиі қойылатын сұрақтар тізімін қараңыз немесе еліңіздегі Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Ақаулық	Шешімі
Басқа жарық шеңберлері өшіп тұрғанда бір алдын ала орнатылған түйменің айналасындағы жарық шеңбері жанады.	Су алдын ала орнатылған температураға жеткеннен кейін, таңдалған алдын ала орнатылған түйменің жарық шеңбері 5 минут жанады.
Мен басқан алдын ала орнатылған түйменің жарық шеңбері үш рет жыпылықтайды.	Су температурасы таңдалған алдын ала орнату түймесінің температурасынан жоғары. Шәйнекке салқын су құюға болады. Суды тез арада қайта ысытқыңыз келсе, 100°C температурасын ғана таңдай аласыз.
Шәйнекті қоспақ болсам, ол автоматты түрде өше береді.	Шәйнек сусыз қайнатудан қорғау функциясын қосты. Мәліметтер алу үшін «Маңызды» тарауының «Сусыз қайнатудан қорғау функциясы» бөлімін қараңыз.
	Шәйнекті түбіне дұрыс орнатпадыңыз. Шәйнекті түбінен алып, оған дұрыс орналастырыңыз.
Шәйнек суды қайнатпайды немесе су алдын ала орнатылған температураға жетпейді.	Шәйнек су деңгейінің төмен екенін анықтады, сондықтан суды екі кезеңде қайнатады. Алдымен су қысқа уақыт қайнайды. Шамамен 20 секунд кідірістен кейін алдын ала орнатылған температураға дәл жету үшін шәйнек суды екінші рет қайнатады.



Чайник

Шәйнек

HD4681/05 HD4681/55 HD4699/20
220-240V; 50-60Hz; 2000-2400W;

Импортёр на территорию России и Таможенного Союза:
ООО "Филипс", Российская Федерация, 123022 г. Москва,
ул. Сергея Макеева, д.13, тел. +7 495 961 1111

Изготовитель:

"Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.", Туссендиепен 4, 9206
АД, Драхтен, Нидерланды

Для бытовых нужд

Ресей және Кедендік Одақ территориясына импорттаушы:
"Филипс" ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 123022 Мәскеу қаласы,
Сергей Макеев көшесі, 13-үй, тел. +7 495 961 1111

Өндіруші:

"Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.", Туссендиепен 4, 9206 АД,
Драхтен, Нидерланды

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған